INFO/? REVEAL	Осы түймешік жасырылған ақпаратты қосу және өшіру (ойындардан өту) үшін пайдаланылады.
BACK/⏪ MIX	Бұл түймешік телевизиялық кескінге телемәтін салуға мүмкіндік береді. Толық телемәтін режиміне оралу үшін түймешікті тағы басыңыз.
EXIT/☒ EXIT	Бұл түймешік телемәтінді жасыруға мүмкіндік береді.
CH.LIST/☒ SIZE	Суреттің жоғарғы және төменгі күйін ауыстырып қосу.

04 ПАЙДАЛАНУ

Қолдану бойынша нұсқаулық



Осы қалқыма бет теледидарды тек бірінші рет қосқанда немесе зауыт теңшелімдері қайта қалыптастырғанда пайда болады.



1). Мәзір күйлері мен теңшелімдерді өзгерту үшін ▲ ▼ түймешіктерін пайдаланыңыз. Растау үшін **OK** түймешігін пайдаланыңыз.

Мәзірде көрінетін қажетті тілді, Үй/Дүкен режимін таңдаңыз.

1. Аппаратты бастапқы іске қосқанда бастапқы теңшелім мәзірі көрінеді. Экрандық мәзір тілін орнатқан соң пайдаланушы «Дүкен» немесе «Үй» режимін таңдай алады. Экранда теңшелімнің келесі мәзірі пайда болып, жүргірі «home mode» (Үй) күйінде болғанда, теңшеу үшін ◀ ▶ түймешіктерін, содан соң мәзірге кіру үшін «OK» басыңыз.



Бастапқы теңшелімдер мәзіріне оралу үшін «Cancel» басыңыз, бұл ретте жүргірі «home mode» (Үй) күйінде қалады.

Пайдаланылатын елді таңдау үшін келесі мәзірге өтіңіз.

2). Антенна типін таңдау үшін AIR/Cable (әуе/кабельді) DVB-T/C режимі үшін ◀ ▶ түймешіктерін қолданыңыз.

Ескерту

Ұлыбританияда кабельді ТВ-ге қосылу үшін сізге тиісті кабельдік компанияның телевизиялық қосымшасы қажет болады. Кейінгі ақпаратты сіз кабельдік телевизияға қосылу бойынша нұсқаулықтан табасыз.

DVB-C режимін таңдауда Full (Толық) немесе Quick (Жылдам) арналарын теңшеу режимін таңдау қажет болады. Сіз сондай-ақ теңшелімнің автоматты режимін таңдай аласыз (Auto Scan). DTV+ATV, тек DTV немесе тек ATV таңдау мүмкіндігі қарастырылған.

3) Арналар теңшелімі басталады. Бұл үдеріс бірнеше минут алуы мүмкін. Экранда іздеу үдерісі мен табылған арналардың саны көрінеді.

4). Егер DTV теңшелімін жасамай өткізгіңіз келсе, іздеу үдерісін тоқтату үшін MENU түймешігін басыңыз. Сіз бірден ATV (балама арналар) теңшеліміне ауысасыз.

5). Теңшелім аяқталған соң арналар кез келген тәртіппен реттеледі. Егер бос өткізіп, арналар тәртібін өзгертіп, ауыстырып немесе жаңадан атағыңыз келсе, арна мәзірінде Programme Edit тарауын таңдаңыз.

6). Ескі құпиясөздің мәні – 0000, сіз 0000-ді жаңа құпиясөз ретінде қолдана алмайсыз.

7). Әдепкі бойынша ел ретінде Франция таңдалған, пайдаланушыларға дұрыс пайдалану елін таңдау қажет.

Ескерту

DTV Цифрлық ТВ


ATV Балама ТВ (Ұлыбританияда қолданылмайды)

1.АРНАЛАРДЫ ТЕҢШЕУ МӘЗІРІ

1.1) Автоматты теңшеу (DVB-T/T2)

1). МӘЗІР-ді басып, артынан CHANNEL (Арна) мәзірін ▼ ▲, содан кейін OK немесе «Оңға» түймешігін басыңыз.

2). Автоматты теңшелімді таңдау үшін ▼ ▲ түймешіктерін таңдап, артынан OK түймешігін басыңыз.



3). Антенна типі (Antenna Type) ретінде өуе антеннасын (Air), яғни DVB-T/T2 таңдау үшін ◀▶ түймешіктерін қолданыңыз.



4). Country мәзірінде ◀▶ түймешіктері арқылы теледидар пайдаланылатын елді таңдаңыз.

5). Mode мәзірінде ATV / DTV / DTV + ATV таңдау үшін ◀▶ түймешіктерін басыңыз. Арналарды іздей бастау үшін Start тармағын таңдау үшін ▼ түймешігін басыңыз.

6). Арналар теңшеле бастайды. Осы үдеріс бірнеше минут алуы мүмкін. Экранда іздеу үдерісі мен табылған арналардың саны көрінеді.

7). Егер DTV теңшелімін жасамай өткізгіңіз келсе, іздеу үдерісін тоқтату үшін MENU түймешігін басыңыз. Сіз бірден ATV (балама арналар) теңшеліміне ауысасыз. ATV теңшелімін жасамай өткізу үшін сол операцияны қайталай аласыз. Теледидар келесі қосылғанда арналар табылмаса, экранда орнату туралы ескерту пайда болады.


8). Теңшелім аяқталған соң арналар кез келген тәртіппен реттеледі. Егер бос өткізіп, арналар тәртібін өзгертіп, ауыстырып немесе жаңадан атағыңыз келсе, арна мәзірінде Programme Edit тарауын таңдаңыз.



1.2) Автоіздеу (DVB-C)

1). CHANNEL (АРНА) мәзірін таңдау үшін МӨЗІР, одан кейін мәзірді таңдау үшін ▼ ▲ және ОК басыңыз.

2). Автоматты теңшеуді таңдау үшін ▼ ▲ түймешіктерін пайдаланыңыз, одан кейін ОК түймешігін басыңыз. Cable антенна типін таңдаңыз, бұл DBV-C-ге сәйкес келеді.




3). ▼ басыңыз, содан кейін теледидар пайдаланылатын елді таңдау үшін ◀▶ түймешіктерін басыңыз.

4) ATV / DTV / DTV + ATV таңдау үшін Mode

мәзірінде ◀▶ түймешіктерін қолданыңыз.

5) Мәзірге кіріп, іздеу режимін таңдау үшін төменде көрсетілгендей Start тармағын таңдаңыз.



6). Арналар теңшеле бастайды. Осы үдеріс бірнеше минут алуы мүмкін. Экранда іздеу үдерісі мен табылған арналардың саны көрінеді.

7). Егер DTV теңшелімін жасамай өткізгіңіз келсе, іздеу үдерісін тоқтату үшін MENU түймешігін басыңыз. Сіз бірден ATV (балама арналар) теңшеліміне ауысасыз. ATV теңшелімін жасамай өткізу үшін сол операцияны қайталай аласыз. Теледидар келесі қосылғанда арналар табылмаса, экранда орнату туралы ескерту пайда болады.

8). Теңшелім аяқталған соң арналар кез келген тәртіппен реттеледі. Егер бос өткізіп, арналар тәртібін өзгертіп, ауыстырып немесе жаңадан атағыңыз келсе, арна мәзірінде Programme Edit тарауын таңдаңыз.

Ескерту


Егер DTV+ATV теңшеу типін таңдасаңыз, ATV, DTV және Radio қоса, барлық арна бірге теңшелуі мүмкін. Барлық сақталған арна автоматты түрде теңшелген соң жоғалады.

Автоматты түрде теңшеуден кейін бірінші DTV арнасы ауысып шығады.

2.1) Сандық арналарды қолмен іздеу (DVB-T/T2)

1). CHANNEL (АРНА) мәзірін таңдау үшін МӘЗІР, одан кейін мәзірді таңдау үшін ▼ ▲ және OK басыңыз.

2). DTV қолмен теңшеуді таңдау үшін ▼ ▲ түймешіктерін пайдаланыңыз, одан кейін OK түймешігін басыңыз, Auto Scan мәзірінде Air тармағын таңдауда сіз DVB-T қолмен іздеу мәзіріне өтесіз.



3). Экранда DTV қолмен теңшеу терезесі пайда болады. Қажетті UHF-арнаны таңдау үшін ◀ ▶ түймешіктерін пайдаланыңыз, одан кейін бастап іздеу үшін OK басыңыз. Осы арнаны іздей бастағанда Start таңдаңыз. Сигнал табылғанда кескін мен сигнал қарқындылығы экранда көрінеді.

4). Бас мәзірге қайту үшін MENU түймешігін басыңыз.

5). Мәзірден шығу үшін EXIT түймешігін басыңыз.

2.2) Сандық арналарды қолмен іздеу (DVB-C)

1). CHANNEL (АРНА) мәзірін таңдау үшін МӘЗІР, одан кейін мәзірді таңдау үшін ▼ ▲ және OK басыңыз.

Cable тармағын таңдауда Auto Scan мәзірінде сіз DVB-C қолмен іздеу мәзіріне өтесіз.



2). Экранда DVB-C қолмен теңшеу терезесі пайда болады. (Жиілік, белгі (ks/s/ модуляция) таңдау үшін ◀ ▶ түймешіктерін пайдаланыңыз, одан кейін жиілік пен символ енгізу үшін OK


басыңыз, артынан модуляцияны өзгерту ◀ ▶ түймешігін басыңыз. Содан кейін осы арнаны іздей бастау үшін Start басыңыз. Сигнал табылғанда кескін мен сигнал қарқындылығы экранда көрінеді.

3). Бас мәзірге қайту үшін MENU түймешігін басыңыз.

4). Мәзірден шығу үшін EXIT түймешігін басыңыз.

3) Балама арналарды қолмен іздеу:

Телевизиялық балама арналарды іздеу және ақырын теңшеу үшін дыбыс жүйесін ауыстыра аласыз, сонымен қатар таңдалған арналарды сақтай аласыз.



Ескерту

Қолмен теңшеген соң арналарды сақтау үшін телемәтіннің қызыл түймешігін басыңыз.

2. Егер сақталатын арнаның нөмірі ағымдағы арна нөміріне сәйкес келсе, қызыл түймешікті басқан жөн, содан кейін ағымдағы арна нөмірі сақталатын арна нөмірі ретінде жазылатын болады.

4) Арналарды редакциялау:

Арна мәзірінен Channel Edit тармағын таңдау үшін, ▼ ▲ түймешіктерінің бірін таңдаңыз. Содан кейін ішкі мәзірге кіру үшін OK түймешігін басыңыз. Оған редакциялау қажет арнаның нөмірін енгізу қажет.



Delete (Жою)

Таңдалған бағдарламаны жою үшін қызыл түймешікті басыңыз.

Skip (Бос өткізу):

Бос өткізу функциясын таңдау үшін сары түймешікті басыңыз, артынан арнаның қасында SKIP белгісі пайда болады және ол арнаны ауыстырған кезде өткізіп жіберіледі.

Move (Ауыстыру):

Ауыстыру қажет арнаны таңдау үшін жасыл түймешікті басыңыз.

Арна нөмірінің қасында белгі пайда болады. Содан кейін ▼ ▲ түймешіктерінің көмегімен оның жаңа күйін таңдап, растау үшін жасыл түймешікті басыңыз.

Rename (Жаңадан атау):

(Тек балама телевизия бағдарламаларын жаңадан атауға болады) Көрсеткіні бағдарламаға апарыңыз және оны жаңадан атау үшін көгілдір түймешікті басыңыз. Цифрлық пернетақта көмегімен арнаның атын енгізіп, растау үшін ОК түймешігін басыңыз (төмендегі кестеден цифрлық пернетақта символдарын қараңыз).

1	2 abc	3 def
4 ghi	5 jkl	6 mno
7 pqrs	8 tuv	9 wxyz

FAV (Таңдаулы):

Таңдаулы арналарды таңдау үшін FAV түймешігін қолданыңыз (түрлі-түсті түймешіктерді емес). (Таңдаулы арналар тізімін көру қажет болғанда арналарды редакциялау мәзірінен шығып, содан кейін FAV түймешігін басыңыз.

5). Жалпы интерфейс

Бұл мәзірде CI интерфейс картасы туралы ақпарат көрінуі мүмкін.

6). Сигнал туралы ақпарат (тек DTV үшін)

2. КЕСКІН МӘЗІРІ (PICTURE MENU)

Бас мәзірдің екінші тармағы – бұл PICTURE MENU кескінінің мәзірі. Ішінде контрастылық, ашықтық және т.б. кескін сипаттамасын теңшей аласыз.

Мәзірде ауысу үшін ▼ ▲ түймешіктерін, ал параметрлерді реттеу үшін – ◀ ▶ түймешіктерін қолданыңыз.



Ескерту

- 1). Пайдаланушы төрт түс температурасының бірін таңдай алады: орташа, жылы, суық және пайдаланушылық.
- 2). Экран теңшелімі тек PC режимінде қол жетімді және көлденең күйді, тік күйді, өлшем мен фазаны реттеуді қарастырады.

3. ДЫБЫС ТЕҢШЕЛІМІНІҢ МӘЗІРІ

Бас мәзірдің үшінші тармағы – бұл (Audio) дыбыс мәзірі. Ішінде дыбыс әсерлерін, мысалы, жоғары және төмен жиіліктер санын, баланс пен т.б. теңшей аласыз.

Жылжыту үшін ▼ ▲ түймешіктерін пайдаланыңыз, параметрлерді реттеу үшін – ◀ ▶ түймешіктерін пайдаланыңыз.



Ескерту

Дыбыс күшін автоматты түрде түзету функциясы тек сигнал күші өте үлкен болғанда немесе онда бұрмалаулар бар болғанда қосылады.

4. САҒАТ МӘЗІРІ

Бас мәзірдің төртінші тармағы – бұл уақыт мәзірі (Clock). Ішінде сағатты, қосу және өшіру уақытын, автоматты түрде өшіру таймерін және т.б. теңшей аласыз.

Мәзірде жылжу үшін ◀ ▶ түймешіктерін пайдаланыңыз, растау үшін ОК түймешігін басыңыз.



Автоматты өшіру таймері

Егер сигнал және Auto Sleep – ON (ҚОС) параметрінің мәні 15 минут бойы болмаса, теледидар автоматты түрде ұйқы режиміне өтеді. Теледидар DTV цифрлық телевизия сигналын қабылдауға теңшелсе, сағат уақыты автоматты түрде теңшеледі.

5. ТЕҢШЕЛІМДЕР МӘЗІРІ

Бас мәзірдің бесінші тармағы – бұл теңшелімдер мәзірі. Ішінде экрандық мәзір тілін, аудио немесе субтитрлар тілін және т.б. теңшей аласыз.



Күту режиміне автоматты түрде ауысу (4 с)

1. Егер теледидар төрт сағаттың ішінде жұмыс істесе, ешқандай өзгеріс болмаса, мысалы, арна ауыспаса немесе дыбыс күші өзгертілмесе, теледидар автоматты түрде өшіру шарасын бастайды.

Алдымен экранда қалқыма терезе пайда болады: Бұдан кейін 150 секунд өткен соң теледидар автоматты түрде өшеді. Өшірмеу үшін ҚБ пультіңде кез келген түймешікті басыңыз.

Автоматты түрде өшіру функциясын болдырмау үшін Option (параметрлер) мәзірінде Automatic power-down(4H) (автоматты түрде өшіру 4 сағ. кейін) тармағын таңдаңыз, содан кейін экранда келесідей хабар пайда болады:

Auto standby (4 hr) OFF (Автоматты түрде 4 с кейін өшірілген)

Осы функцияны қайта белсендіру үшін, жоғары көрсетілген әрекеттерді қайталаңыз, бірақ NO (Жоқ) таңдау үшін оң көрсеткішті басыңыз.

PVR файлдарын жазу жүйесі

PVR файлдарын жазу жүйесінде сіз PVR функциясы үшін USB-диск таңдай аласыз.



Timeshift Record Time (Уақытты жылжытқанда жазу ұзақтығы): уақытты жылжытқанда жазу ұзақтығын таңдау.
Auto Standby (4hr) (4 сағ. соң автоматты түрде қосу): 4 сағат жұмыстан соң күту режиміне өту теңшелімі.
Shop mode («Дүкен» режимі): «Дүкен» режимін қосу және өшіру.
HDMI CEC Control (HDMI CEC басқару): CEC функциясын қосу және өшіру.
OSD Time (Экран мәзірінің көріну ұзақтығы): мәзірді көрсету уақытын таңдау үшін ◀ ▶ түймешіктерін қолданыңыз.

Зауыттық теңшелімдерді қайта қалыптастыру

Зауыттық теңшелімдерді қайта қалыптастыруды таңдау үшін (Restore Factory Default), ▼ ▲ түймешіктерді қолданыңыз, содан кейін бірінші теңшелімге өту үшін ОК түймешігін басыңыз. Растаған соң барлық теңшелімдер жойылады. Бұл функцияны теледидарда қандай да бір ақаулар туындағанда қолданған жөн. Ескерту: зауыттық теңшелімдер қайта қалыптастырылғанда барлық арналар мен құпиясөз өшетін болады.

Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту (USB бойынша)

USB бойынша бағдарламалық жасақтаманы жаңартуды таңдау үшін арна мәзірінде ▼ ▲ түймешігін таңдаңыз. USB арқылы жаңартуды бастау үшін ОК түймешігін басыңыз. Оған қосымша берілген БЖ жаңарту бойынша нұсқауларды орындаңыз. Ескерту: БЖ сәтті жаңарту үшін зауыттық теңшелімдерге түсіруге кеңес беріледі (теңшелімдер мәзірінен «Restore Factory Default» тармағын таңдаңыз).

ЛОГОТИП

Логотипті таңдау үшін ▼ ▲ түймешіктерінің көмегімен теңшелімдер мәзірінде LOGO тармағын таңдаңыз. Содан кейін логотипті қосу немесе өшіру үшін ◀ ▶ түймешіктерін қолданыңыз.

6. ҚҰРСАУЛАУ МӘЗІРІ

Алтыншы мәзір тармағы – МЭЗІР LOCK (Құрсаулау). Жүйені құрсаулап, құпия сөзді орната аласыз, бағдарламаны құрсаулап, қарауды ата-аналық тұрғыдан шектей аласыз. Құрсаулау функциясы белсендірілген соң арналарды іздеп, қандай да бір бағдарламаны өзгерте алмайсыз.





Әдепкі құпия сөз: 0000. Егер құпия сөзді ұмытсаңыз, шебер-құпия сөзді 9443 енгізуге болады.

Бағдарламаны құрсаулау: бағдарламаны таңдау үшін ▼ ▲ түймешіктерін пайдаланыңыз, одан кейін құрсаулау үшін телемәтіннің жасыл түймешігін басыңыз. Егер бағдарламаны құрсаудан шығарғыңыз келсе, бас мәзірге кіріп, құпия сөзді енгізіңіз, одан кейін жасыл түймешікті қайта басыңыз. Қараудың ата-ана шектеу деңгейін таңдау үшін ◀ ▶ түймешіктерін пайдаланыңыз.

7. Электрондық телегид мәзірі (EPG)

Электрондық телегид мәзірі таралатын бағдарлама туралы толық ақпаратты шығару қолданылады. Осы мәзірді шақыру үшін GUIDE түймешігін басыңыз, содан кейін экранда осы сәтте қаралатын арнадағы бағдарлама туралы ақпараты бар қалқыма мәзір пайда болады. Сіз жеті күн ішіндегі бағдарламалар туралы ақпаратты қарай аласыз. Ертеңгі немесе одан арғы бағдарламалар туралы ақпаратты қарау үшін ▼▲ түймешіктерінің көмегімен күнді таңдаңыз, содан кейін қол жетімді күндерді парақтау үшін ◀▶ түймешіктерін қолданыңыз.



Ағымдағыдан кейінгі келесі бағдарламаны қарау үшін сары түймешікті басыңыз (Хабарлар бағдарламасы). Басқа арнаны қарау үшін оны ▼▲ түймешіктерінің көмегімен таңдаңыз, содан кейін ◀▶ түймешіктерін қолданыңыз. Телегид режимінен шығу үшін GUIDE немесе EXIT түймешігін басыңыз. Оралу үшін (Service) түймешігін тағы басыңыз.

Ескерту

ҚБ пультінің пернелерінің негізгі функциялары телегид экранының төменгі бөлігінде көрсетілген.

Жазу

Телегид режимінде ҚБ пультінде жазу үшін бағдарлама таңдау үшін қызыл түймешікті басыңыз. Содан кейін жазба параметрлерін теңшеу үшін Scheduled Record (Жоспарлы жазба) мәзіріне өтесіз. («PVR бағдарламаларын жазу функциясының файлдар жүйесі» тарауын қараңыз.)

Ескерту

Бағдарламаларды жазуды жоспарлау үшін USB-портқа үйлесімді қатқыл дискі немесе USB-құрылғының қосылғанына көз жеткізіңіз. Егер сіздің деректер жинақтағышы үйлесімді болмаса, сізге оны пішімдеу ұсынылады. Сіздің құрылғыңызды пішімдеуді іске қосу үшін теңшелімдер мәзірінде PVR файлдар жүйесінің құрылғылар тізіміне кіріңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

USB-құрылғыны пішімдеуде оған жазылған барлық файлдар жойылатын болады.

Егер сіз жазуды бастаудың белгіленген уақытын орнатсаңыз, оған жеткенде сіздің теледидарыңыз автоматты түрде қосылады, ал жазу аяқталған соң – автоматты түрде өшеді. Жазу кезінде кескін мен дыбыс өшірілетін болады (кескін болмайды), алайда, теледидар қосылатын болады. Кескін мен дыбысты қосу үшін күту режимінің түймешігін баса аласыз (STANDBY).

Аңдатпа (көгілдір түймешік)

Бір бағдарламаны таңдап, еске түсіру уақытын орнату үшін телегид мәзірінде көгілдір түймешікті пайдаланыңыз. Содан кейін еске түсіру мәзірі көрінеді, және сіз ◀▶ түймешіктерінің көмегімен еске түсіру параметрлерін орната аласыз. Сіз бір реттік, күнделікті немесе апта сайынғы еске түсіруді белгілей аласыз.



Жоспарланған бағдарламалар тізімін қарау үшін қызыл түймешікті басыңыз. Сіз сондай-ақ жоспарланған бағдарламаларды жоя аласыз.


INFO түймешігі (жасыл түймешік)

Ағымдағы бағдарлама туралы қосымша ақпаратты қарау үшін телегид мәзірінде тұрып, жасыл түймешікті басыңыз.


8. Бағдарламаларды жазу функциясы файлдарының жүйесі (PVR) (тек DTV үшін)

Мәзірді шақыру түймешігін басыңыз. Теңшелімдер ішкі мәзірін таңдаңыз. PVR файлдар жүйесін таңдау үшін ▼▲ түймешіктерін қолданыңыз, содан кейін ішкі мәзірге кіру үшін OK түймешігін басыңыз, мұнда нұсқаларды айналдыру үшін ◀▶ түймешіктерін қолданыңыз.


Бағдарламаны жазуға дайындық




Файлдар диспетчері: диспетчерде сіз барлық жазылған бағдарламаларды қарай аласыз. Толық экранды ойнатуды іске қосу үшін **REC** түймешігін басыңыз.




Құрылғылар тізімі: осы ішкі мәзірде теледидарға қосылған USB-құрылғылар тізімі шығады. Сіз құрылғыны таңдап, оны пішімдеуді іске қосу үшін қызыл түймешікті баса аласыз.



Жоспарлы жазу: мұнда сіз жоспарлы жазбалардың тізімін жасай аласыз. Сіз сондай-ақ өзіңіз жоспарлаған жазбаларды жоя аласыз.




Ішкі мәзірге кіріп, мұнда бір реттік, күнделікті, аптас айынғы, ай сайынғы жазбаны таңдай немесе толық жазбаны өшіре аласыз.



Бағдарламаны жазу:

Ағымдағы бағдарламаны жазу үшін REC түймешігін басыңыз, содан кейін экранда REC қызыл белгісі пайда болады. Мәзірде төмендегі суретте жазу уақыты/ұзақтығы, сонымен қатар қалған жазу уақыты көрінетін болады.



Мәзірді көрсету үшін тағы бір рет REC түймешігін басыңыз.

Жазуды тоқтату үшін Stop түймешігін басыңыз.

«Фильм» режимінде жазылған бағдарламаларды қарау үшін сіз медиаплеер режиміне кіре аласыз.

Жазбаны ойнату:

USB-таспаға жазылған бағдарлама ішінде «usbrecord» папкасында сақталады.

Сіз оны PVR файлдар жүйесінде және файлдар диспетчері ішкі мәзірінде ойната аласыз.

1. USB-жинақтағыш өлшемі 128 Мб тан 500 Гб дейін болуы мүмкін, бірақ кеңес берілген өлшем 2 Гб тан 500 Гб дейін құрайды.

2. Егер деректерді жіберу жылдамдығы өте аз болса, пиксельдер көрінуі мүмкін. Мұның себебі USB-құрылғы мен теледидарды тікелей қосудың орнына олардың арасында ұзарту кабелін пайдалану болуы мүмкін.

3. Барлық USB-құрылғылар теледидармен үйлесімді емес.

Төмен кеңес берілген USB-таспаларының құрылғы тізімі келтірілген. Келесі тізімде айтылмаған үлгілер үйлесуі мүмкін, бірақ олардың жұмысына кепілдік берілмейді.

Үйлесімді USB-құрылғылардың тізімі уақыт бойынша жылжу функциясымен жұмыс істеуге жарамды құрылғылардың тізіміне сәйкес келеді.

Ескерту

Аппараттың артқы жағында USB кірісіне қосылған жинақтағыштың жазуға жарайтынына көз жеткізіңіз. Егер сіздің дерек жинақтағышыңыздың үйлесімді болмай қалса, сізге оны пішімдеу ұсынылады. Сіздің құрылғыңызды пішімдеуді іске қосу үшін теңшелімдер мәзірінде PVR файлдар жүйесінің құрылғылар тізіміне кіріңіз.

Жазу кезінде тек Stop функциясы ғана әрекет етеді. Таңдалған арнада CI жалпы интерфейсі картасы қол жетімді болмайды.

9. Уақыт бойымен жылжыту

Ағымдағы бағдарламаны кідіріске қойып, уақыт бойымен жылжыту функциясын қосу үшін ► түймешігін басыңыз. Бұдан кейін төмендегі суретте көрсетілген мәзір пайда болады. Бұл мәзір бірнеше секундтан соң автоматты түрде жоғалады.



Ойнатуды жаңарту үшін ► тармағын таңдап, ОК басыңыз, содан кейін экранның оң жағында уақыт бойымен жылжыту функциясын орындауды көрсететін ойнату белгісі пайда болады. Мәзір жоғалғанда ► түймешігін басыңыз, одан кейін мәзір қайта пайда болады. Уақыт бойымен жылжытуды тоқтату үшін Stop түймешігін басыңыз немесе мәзір экранда көрінген кезде жүргіргіні Stop тармағына ауыстырыңыз, және қалқыма сөзкөмектерді ұстаныңыз.


Ескерту

Аппараттың артқы жағында USB кірісіне қосылған жинақтағыштың жазуға жарайтынына көз жеткізіңіз. Егер сіздің дерек жинақтағышыңыздың үйлесімді болмай қалса, сізге оны пішімдеу ұсынылады. Сіздің құрылғыңызды пішімдеуді іске қосу үшін теңшелімдер мәзірінде PVR файлдар жүйесінің құрылғылар тізіміне кіріңіз.


Жазу кезінде тек Stop функциясы ғана әрекет етеді. Таңдалған арнада CI жалпы интерфейсі картасы қол жетімді болмайды.

ОРНАТУ ШЕБЕРІ

СӘЛЕМДЕСУ БЕТІ


Сигнал көзі ретінде Smart TV-ді таңдау үшін  түймешігін басыңыз. Smart TV сигнал көзінде ҚБ пультінің толық функционалдылығын қамтамасыз ету үшін USB-қабылдағыштың бөлінген «RF Receiver» USB-портына қосылғанына көз жеткізіңіз. Телевизиялық немесе басқа сигнал көзіне оралу үшін Source түймешігін басып, қажетті көзді таңдаңыз. Smart TV-ді алғаш қосқан кезде сәлемдесу беті көрінеді. Ол сізге құрылғыны конфигурациялауды ұсынатын болады.

Ескерту: егер сіз осы шебермен жұмысты өткізіп жібергіңіз келсе,  түймешігін басыңыз. Егер сіз осы шеберде бір рет жұмысты аяқтасаңыз, ол жүйені жүктеуде автоматты түрде іске қосылмайтын болады.




ТЕҢШЕЛІМ БЕТІ

Тілді таңдау:




Smart TV

Желі типін таңдаңыз:



Wi-Fi таңдауда сондай-ақ Wi-Fi қатынау нүктесін көрсетіңіз.



Ethernet таңдағанда экранда Ethernet-қосылыс күйі көрінеді.



Smart TV

Дұрыс сағаттық белдеуді теңшеңіз:



Егер желі қосылмаса, күн мен уақытты теңшеңіз:





Конфигурациялау нәтижесі:





Пайдаланушы тілді, желіні, күн/уақытты және сағаттық белдеуді орната алады.

Smart TV

НЕГІЗГІ ҚОСУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Haier қосу бағдарламасы мен қосу бағдарламасын қолдану мүмкіндігі қарастырылған. Haier бағдарламасын қолдануға кеңес беріледі.



Белгіні таңдау үшін  сызықтары түймешігін немесе  түймешігін басып, көрсеткіні қолдануға болады. Қосалқы экранға өту үшін түймешігін басыңыз.



Smart TV

Іске қосу бағдарламасының сәлемдесу экраны




Аумақ	МЫСАЛ	СИПАТТАМА
1		Wi-Fi, Ethernet, TF-карта, USB-таспа, ауа райы, уақыт пен Android Smart TV сияқты функциялардың күйін көрсетеді. Сіз теңшелімдерде уақыт/күн/сағаттық белдеуді орната аласыз.
2		Жиі қолданылатын 4 қосымшаны көрсетеді.
3		9 кеңес берілетін қолданыстағы қосымшаларды көрсетеді.


Smart TV

Медиаплеер

«Video», «Audio» және «Photo» белгілері локальды таспадағы деректерді ойнататын медиаплеерді қосу үшін қызмет етеді. USB-дискіден, SD-карта және т.б. файлдар ойнатылады.



1 ескерту: тек “.jpg” және “.mp3” пішіміндегі файлдар ойнатылады, басқа пішімдегі файлдардың ойнатылуына кепілдік берілмейді және мүмкін болмауы мүмкін.



Smart TV

Бейнеплеер




Аудиоплеер



Кескіндерді қарау бағдарламасы



Браузер



Қосымшалар



• USB-дискіден/SD-картадан орнату

1. Файлдар диспетчерін ашыңыз.
2. USB-дискіңіздегі немесе басқа деректер жинақтағыштағы папкіні ашыңыз.
3. Қажетті қосымшаны тауып, оның белгісін басыңыз.
4. Орнату түймешігін басыңыз.
5. Орнатқан соң қосымша қосымшалар диспетчерінде пайда болады.

• Браузерден орнату

1. Браузерді ашыңыз.
2. Іздеу пернесін басып, веб-сайт мекенжайын енгізіңіз.
3. Жүктеуге сілтемелер болған жағдайда, APK-файлды жүктеп алыңыз (жүктеу алдында SD-картаны жады картасының слотына енгізіңіз).
4. Файл SD-картаңыздың папкісінде сақталатын болады.
5. Файлдар диспетчерінің көмегімен қосымшаны орнатыңыз.

• ApkInstaller орнатқышының көмегімен орнату

1. ApkInstaller ашыңыз.
2. Қосымша белгісін тауып, оны қосыңыз.
3. Орнату түймешігін басыңыз.
4. Орнатқан соң қосымша қосымшалар диспетчерінде пайда болады.

• Қосымшаларды жою

1. Теңшелімдер мәзіріне кіріңіз (SETTINGS).
2. Қосымшаларды басқару мәзіріне енгізіңіз (Applications-Manage applications).
3. «АН» салмасында, жойғыңыз келген қосымшаны табыңыз.
4. Белгіні басып, артынан «Жою» (Uninstall) тармағын таңдаңыз.
5. Жоюды растау үшін «ОК» басыңыз.

ЕСКЕРТУ: VOL+/VOL- түймешіктері теледидарға ұялы құрылғыдан Wireless Display технологиясы бойынша контент жіберген кезде қолданылмайды.

Теңшелімдер



Теңшелімдер	Қысқаша сипаттама
Wi-Fi	Wi-Fi қосу және өшіру Егер қол жетімді Wi-Fi желі туралы мәлімдеме алу қажет болса, тиісті тармақты белгілеңіз. Wi-Fi MAC/IP-мекенжай режимінде жұмыс істейтінін белгілеп алыңыз. SSID идентификаторы (таралатын ат) пен қауіпсіздік хаттамасының типін енгізіп, желіге қосыңыз.
Ethernet	Ethernet желілеріне қосылу үшін Ethernet қосыңыз Ethernet-құрылғы теңшелімі
Sound (Дыбыс)	Дыбыс қаттылығы, әдепкі бойынша мәлімдемелерді, пернелер дыбыстарын, цифрлық аудиосигнал шығысының деңгейлерін орнатыңыз
Storage (Деректерді сақтау)	Жиынтық көлем Бос көлем SD-картаны шығару

Smart TV

Smart TV

Apps (Қосымшалар)	Жүктелгендер SD-картадағы Қосылғандар Барлығы Жадыны қолдану
Location access (Тұрған жерге қол жетімділік)	Менің тұрған жеріме қол жетімділік Wi-Fi желісіндегі және мобильді желідегі тұрған жері
language & input (Тіл мен енгізу әдісі)	Тілді таңдау Пернетақта мен енгізу әдістері Физикалық пернетақта Сөз PHYSICAL KEYBOARD SPEECH Тінтуір/трекбол жылдамдығы
Backup & reset (Резервтік көшіру мен қайта қосу)	Менің деректерімді резервтік көшіру Есептік жазбаны резервтік көшіру Автоматты қалпына келтіру Зауыт деректерін қалпына келтіру
Area & Date & time (Орналасқан жері, күні мен уақыты)	Автоматическая орнату Күнді орнату Сағаттық белдеуді таңдау Уақытты орнату 24-сағаттық пішімді қолдану Күн пішімін қолдану
System updates (Жүйелік жаңартулар)	Локальды жаңарту Онлайн-жаңарту
About Device (Құрылғы туралы ақпарат)	Күй Үлгі нөмірі Android нұсқасы Ядро нұсқасы Жинақ нөмірі

Қосымша

1. Теледидардың осы үлгісі USB 2.0 стандартын қолдайды, бірақ USB 3.0 қолдамайды.
2. Теледидар максималды көлемі 1 Гб қатқыл дискілерді пайдалануды қолдайды.
3. Теледидардың осы үлгісі 5В 500 мА аспайтын сипаттамалары бар шығыс тұрақты тоқты қамтамасыз етеді. Анағұрлым жоғары тоқ параметрлерін қажет ететін алынбалы жинақтағыштар үшін дұрыс іске қосылу үшін сыртқы қоректендіру көзі қажет болады.
4. Алдымен теледидарды қосып, сыртқы қоректендіру көзі бар алынбалы жинақтағышты қосыңыз.

Жай ақауларды жою

Дисплей істен шыққан немесе кескін сапасы айтарлықтай нашарлаған жағдайда дисплейді төменде келтірілген нұсқауларға сәйкес тексерген жөн. Ақау көзінің үстінде орналасқан шеткері құрылғыларды тексеріңіз. Егер дисплей бұрынғыдай дұрыс жұмыс істемесе, клиенттерді қолдау желісімен хабарласып, көмекке жүгініңіз.

Электр қоректендіру жоқ

- Теледидармен барлық қосылыстарды тексеріңіз.
- Қоректендіруді қосу түймешігін немесе ҚБ пультіңде күту режиміндегі түймешікті басыңыз.

Кескін немесе дыбыс жоқ

- Теледидардың электр желісіне қосылғанына және оның қоректендіруінің қосұлы екендігіне көз жеткізіңіз.
- Антеннаның қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Басқа арнаға ауысып көріңіз.

Кескінің сапасы жаман

- Антенна қосылысын тексеріңіз.
- Арна теңшелімдерінің дұрыстығын тексеріңіз.
- Кескін теңшелімдерін реттеңіз: ашықтық, түрлі-түстілік, анықтық, реңк.
- Теледидардың радиокедергілер көзі болуы мүмкін электр аспаптарынан алыста орналасқанына көз жеткізіңіз.

Түс жоқ






- Түрлі-түстілік теңшелімін реттеңіз.
- Арнаның түрлі-түсті кескін таратанына көз жеткізіңіз.
- Арна теңшелімдерінің дұрыстығын тексеріңіз.

Теледидар ҚБ пультінің пәрмендерін тыңдамайды

- ҚБ пульті мен теледидар арасында сигналдың өтуін қиындадатын қандай да бір кедергілердің жоқтығына көз жеткізіңіз.
- ҚБ пультінің теледидар радиусында тұрғанына көз жеткізіңіз.
- ҚБ пультінің батареяларының отырып қалмағанына көз жеткізіңіз.

Бұл теледидар үйде қолдануға арналған, және оның электрмагниттік қауіпсіздігі сертификатталған. Осылайша, оны кез келген бөлмелерде, сонымен қатар тұрғын аймақтарда да қолдануға болады.

05 Ақауларды жою

Ақау белгілері		Тексеру
Кескін	Дыбыс	
«Бұлыңғыр» 	Шу	Антеннаның күйі, бағыты мен қосылысын тексеру
Қосарлану 	Қалыпты дыбыс	Антеннаның күйі, бағыты мен қосылысын тексеру
Кедергілер 	Шу	Электржабдықтама, автокөлік/мотоцикл, флуоресценттік жарық
Қалыпты кескін 	Дыбыс жоқ	Дыбыс күші (дыбыссыз режим қосылмағанын және аудиожүйе дұрыс қосылғанын тексеріңіз).
Кескін жоқ 	Дыбыс жоқ	Қоректену бауы қосылмаған. Қоректену өшірулі. Контрасттылық пен ашықтықты/дыбыс күшін теңшеу. Тексеру үшін күту режимін қосу түймешігін басыңыз.
Түсі жоқ 	Қалыпты дыбыс	Түс теңшелімін реттеңіз
Бұзылған кескін 	Қалыпты немесе әлсіз дыбыс	Аرنаны қайта теңшеңіз
Кескін қара-ақ 	Шу	Телесигнал жүйесінің теңшелімдерін тексеріңіз
Үстінде және астыда қара сызықтар 	Қалыпты дыбыс	Кескін бұрыштарының арақатынасын ұлғайту үшін өзгертіңіз.

Ақауларды жою

Теледидарым қосылған ноутбуктан/ДК кескінді көрсетпейді.	Көп ДК мен ноутбук VGA ажыратқышы (ДК немесе ноутбуктың көк 15-сыналы ажыратқышы) арқылы қосылғанда кескінді теледидарға немесе басқа сыртқы дисплейге шығару үшін бірнеше пернені басу керек. Әдетте, бұл F7 (Dell), F4 (HP/Samsung) немесе F5 (Toshiba) пернелері. Ноутбуктарда F пернесімен бірге Fn пернесін басу керек.
ДК/ноутбугымды теледидарға қостым, кескін шығады, бірақ дыбыс жоқ. Неге?	VGA кабелі арқылы тек бейне немесе фото туралы ақпарат беріледі. ДК/ноутбугыңыздың құлаққап ажыратқышына (3,5 мм штекер) және теледидарыңыздың 3,5-мм ажыратқышына (PC Audio IN) жеке кабель қосу керек. ҚБ пультінде сигнал көзін таңдау түймешігінің көмегімен «PC» таңдауыңыз керек. Сіз ДК/ноутбугыңызды HDMI-интерфейсінің көмегімен де қоса аласыз. HDMI интерфейсі арқылы дыбыс та, кескін де беріледі.
Арналар ауыстырылғанда кескін өлшемі автоматты түрде ауыспайды.	ТВ-кескіннің Aspect Ratio параметрі (тараптардың салыстырмасы) барлық ATV, DTV, SCART, HDMI 1, 2 және т.б. кірісте «Авто» ретінде қойылғанына көз жеткізіңіз. Жақтардың салыстырылуын орнату үшін (Auto, 4:3 немесе 16:9), сигнал көзін таңдау түймешігін басыңыз, ATV-дан бастаңыз, одан кейін барлық келесі кіріс сигнал көзі үшін шараны қайталаңыз: ATV, DTV, SCART, HDMI 1 және 2, өйткені әр көз жеке басқарылады. TV Menu түймешігін басыңыз Picture ішкі мәзірге кіру үшін оң көрсеткішті басыңыз Жақтардың салыстырылуын таңдау үшін «төмен» көрсеткішті басыңыз «Auto» таңдаңыз Exit басыңыз Барық кіріс сигнал көзі үшін шараны қайталаңыз.
DVD-плеер немесе басқа құрылғыны теледидарыма қоссам да, ол жұмыс істемейді.	Осы шара теледидарға қосылатын кез келген жабдықтамаға қолданылады. 1. Теледидар мен DVD-плеерді өшіріңіз (күту режимі түймешігін жай ғана баспай, қоректену баулары ашаларын розеткадан ажыратыңыз). 2. SCART ажыратқышына қосылған кез келген жабдықтаманы өшіріңіз. 3. SCART ажыратқышын теледидардан ажыратыңыз. 4. Теледидарды электр желісіне қосыңыз және өшіріңіз. 5. DVD-плеерді электр желіге қосыңыз. 6. Source мәзірінде HDMI тармағын таңдаңыз. 7. DVD-плеерде ойнату түймешігін басыңыз және фильмді ойнату сапасын тексеріңіз. ЕСКЕРТУ: SCART ажыратқышының басымдығы HDMI-ден жоғары, сондықтан теледидардың SCART ажыратқышына қосылған жабдықтама толық өшірілгені маңызды (күту режимінде тұрмай). Көрсетілген әрекеттер тәртібін ұстаныңыз. Егер кеңес орындалып, DVD-плеер жұмыс істеп, теледидар жөн болса, жағдай қиын. HDMI-кабельдердің жалғастырғыштары шығарылып, теледидар қосылып тұрғанда қайта қосылуы мүмкін. Теледидар қосылып тұрғанда HDMI-кабельдерді немесе кез келген сандық жабдықтаманы ешқашан шығармаңыз және қоспаңыз. Кез келген сандық жабдықтаманы ажыратқанда немесе қосқанда барлық пайдаланылатын жабдықтама бірліктерін өшіру керек.

Сандық теледидар ақауларын жою және оларды жоюдың ықтимал әдістері.

Кескін пиксельдерге бөлінеді

Сигналды қабылдау мәселесінің типтік әдісі кескіннің бөлінуі (пикселизация) немесе кескіннің қатуы, сыртыл мен шиқыл немесе дыбыс үзілуі, сонымен қатар толық қабылдамау болып табылады. Теледидарыңыздың кескіні сандық сигнал түсуінен пиксельдерге бөлінуі мүмкін. Сигнал әлсіз қарқындылықтан (Телевизиялық антенналарды қараңыз) немесе сигналдың аз қарқындылығына арналған кабельді пайдалануынан жоғалуы мүмкін. Егер мәселе сигналдың аз қарқындылығынан болса, оны ұлғайту үшін күшейткішті пайдалану керек. Аралық немесе бастапқы күшейткішті орнату үшін кәсіби кабельші қызметін пайдалана аласыз. Бұл сигнал қарқындылығын ұлғайтуға және пикселизациямен қиындықты жоюға көмектеседі. Егер телевизиялық сигналды жерсеріктен қабылдасаңыз, жерсеріктік табақ күшті желдің өсерінен жылжып, сигналды ағаштар жаппағанына көз жеткізіңіз. Ағаштар қиындық тудыруы мүмкін, өйткені сигналды қабылдау сапасы жерсеріктік табақ пен жерсерік арасында орналасқан ағашта жапырақ болғанына байланысты ауысып тұруы мүмкін.

Жоқ арналар

Кейбір арнаның болмауын немесе бұрыс өңірдегі арнаны қабылдауды кездестіруіңіз мүмкін. Кей кезде интербелсенді қызметтер (қызыл түймешік) жұмыс істемейді. Әдетте, бұл сигналдың аз қарқындылығына байланысты, Телевизиялық антенналар тармағын қараңыз.

Телевизиялық антенналар

Жер бетіндегі телевизия сигналы (Freeview) теледидарыңызға антеннаның көмегімен түседі. Балама теледидарға келген ескі антенна сандық теледидармен жұмыс істемеуі мүмкін, бұл жағдайда жаңа антеннаны орнату керек. Егер сіз DTV (Freeview) сандық арналарының тек бір бөлігін қабылдасаңыз, мысалы, BBC1, BBC2, Channel 4 қабылдасаңыз, ITV немесе Channel 5 арнасы болмаса, мұның себебі тар жолақты антеннаны пайдалану болуы мүмкін, оны кең жолақтыға ауыстыру керек.

Сымдар мен кабельдердің ақаулары

Теледидарыңызды тексеріңіз. Оның артқы бөлігінде сымдар электр желісіне, антеннаға, абоненттік қосымшаға, бейне- немесе DVD-плеер немесе рекордерге дұрыс қосылып тұр ма? SCART сымдары уақыт өте келе ұяшықтарында босайтыны мәлім, бұл дыбыс пен кескін қиындықтарына әкеліп соқтыруы мүмкін. Бұл кезде сол, оң немесе екі аудио арна болмауы мүмкін, түстер толық болмауы немесе бұлыңғыр көрінуі мүмкін. Осы қиындықты жою үшін SCART ажыратқыштарын ұяшықтарға тығыз салыңыз.

HDMI ажыратқыштарын ұяшықтарға тығыз тығу керек, өйткені түйіспелер бірнеше ұштық сына миллиметрлеріне түйіседі. Әдетте, HDMI-ажыратқыштың қара пластик корпусы теледидардың немесе жабдықтаманың корпусына мүмкіндігінше жақын болуы немесе оған тиіп тұруы керек. HDMI-кабельдерін жұмыс істеп тұрған теледидарға немесе басқа жабдықтамаға қосқанда қиындық болуы мүмкін. Кабельдердің көмегімен қосылған теледидар мен жабдықтаманы ылғи өшіру керек. Егер теледидардың ажыратқыштары мен ұяшықтарын тексеріп қойсаңыз, оны және барлық қосылған құрамдастарды өшіріңіз, одан кейін бүкіл жабдықтаманы қайта қосыңыз.

ДК теледидарға қостым, бірақ дыбыс жоқ.

Егер сіз ДК немесе ноутбугыңызды теледидарға VGA кабелінің (Sub D 15-сыналы ажыратқышы) көмегімен қосқанда дыбыс жоқ болса, теледидарға ДК немесе ноутбуктың жеке аудиокабелін қосу керек.

Табиғи емес түстер мен тері реңктері

Табиғи емес тері реңктері мен басқа түстер жаңа HDTV-теледидармен де тағы бір қиындыққа айналуы мүмкін. Мұның себебі – сауда залына тиімдендірілген теледидар теңшелімі. Осы кескінді жою үшін кескін режимін кескінді теңшеу мәзірінде табиғиға ауыстырыңыз. Дәлірек түс берілісіне қол жеткізу үшін кескінді теңшеу мәзірінде түс, контрастылық пен ашықтықты теңшеп көріңіз.

Ақ шеңберлер

Нысандар мен адамдардың айналасында ақ шеңберлер әдетте, ТВ-кескін анықтығы өте жоғары теңшелгенде немесе теледидарыңызда кескін шеттерін жақсартудың қандай да бір технологиясы пайдаланылса, пайда болады. Ақ шеңберлер жоғалуы үшін кескінді теңшеу мәзіріне кіріп, анықтықты реттеңіз. Егер кескін шеттерін жақсарту технологиясы қосылып тұрса, оны сервистік мәзірде қосып көріңіз.

Үзілмелі кескін

Кей кезде кескін үзілмелі болуы мүмкін. Бұл жағдайда сигнал қарқындылығын тексеру керек. Егер қарқындылық жеткілікті үлкен болса, қиындық кабельдік операторда туындайды. Егер сигнал қарқындылығы төмен болса, оны күшейткіштің көмегімен көбейтіп көріңіз.

Кескін экранға сыймайды

ДК немесе ноутбуктарды теледидарға қосқан кезде кескін экранға сыймауы мүмкін. ДК немесе ноутбугыңызда экран теңшелімдерін тексеріңіз (Windows > Қосу > Басқару панелі > Рәсімдеу және жекешелендіру > Дисплейді теңшеу) және ең жақсы ажыратымдылықты таңдаңыз. Теледидарыңызда келесі теңшелімдерді таңдаңыз: TV Menu > Picture > Settings, одан кейін дисплейдің ең жақсы режимін таңдау үшін AUTO, ZOOM1 немесе ZOOM2 – үш нұсқаның арасында ауысып көріңіз.

USB арқылы қосылыс

USB арқылы қосылыс *.jpg (фотосуреттер) және *.mp3 (музыка) пішіміндегі файлдарды ойнату үшін пайдаланылады. Теледидар теледидардың USB-ажыратқышына қосылған Apple компаниясының iPhone немесе iPod танымайтынын ескеріңіз. Теледидар басқа файлдарды да ойната алады, алайда файлдық пішімдердің көп түрлігінен олардың қолданылуына кепілдік берілмейді.

Haier

Haier

Импортер:
ООО Торговая компания «Хайер Рус»

Адрес Импортера:
121099, Москва, Новинский б-р, д. 8, оф. 1601,
БЦ Лотте Плаза